

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б. Әбдіғазіұлы


« 18 » _____ 2018 ж.



Қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасы
6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
бойынша қабылдау емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы 2018

Бағдарлама *Қазақ тілі теориясы және әдістемесі* кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

«__»__2018 ж., хаттама №__

Бағдарламаны құрастырған: ф.ғ.д., профессор Г.С.Қосымова
ф.ғ.д., профессоры, академик Б.Ө.Сманов
п.ғ.д., доцент Р.С.Рахметова
ф.ғ.д., профессор Қ.Есенова

Кафедра меңгерушісі _____ Дәулетбекова Ж.Т.

«6D011700- Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша доктарантураға тапсыратын білім алушылардан тіл мен әдебиеттің өзекті мәселелерін білу талап етіледі. Бағдарламада осы мамандықтың магистратура бөлімінде оқытылған «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» деп аталатын міндетті пән мен екі элективті «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориясы», «Лингвомәдениеттаным» пәндері бойынша сұрақтар қамтылды.

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. Тілдің тарихын дәуірлеудің негізгі теориялық мәселелері. Тілдің шығу тегі жайында көзқарастар. Ностратикалық ілімнің мәні. Тіл тарихындағы қазақ халқын құрысқан ірі тайпалық одақтардың, рулардың таңбалары мен тілдік белгілерін үйретудің міндеті.

Ежелгі мәдениетке қазақ мәдениетінің қатысы. Шумерология ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер ілімін қалыптастыруда археологтар мен лингвистердің рөлі. Шумерлердің өмір сүргенін, тарихта болғандығын дәлелдейтін айғақтар. Шумерлердің отаны және әлемдік өркениетке қосқан үлесі жайлы зерттеушілердің ой-тұжырымдары. Көне мәдениеттің бастауы – жазу тарихында. Шумер жазуын пайдаланған елдер. Шумерлер жазуының таралу аймағы және оның қазақ даласындағы сипаты. Жазу түрлері оның даму кезеңдері. Шумер әдебиетінің мәні, ондағы көтерілген мәселелер. Шумер әдебиетінің көне түркі жазба ескерткішімен, Қорқыт ата еңбегімен, халық ауыз әдебиетімен байланысы. Шумер тілінің белгілі болған уақыты мен кеңістігі. Шумер тілі мен түркі тілдерінің жақындығы. Шумерлерді тануда түркілік ғалымдардың еңбектерінің мәні. Шумер тілі жайындағы Осман Недим Тунаның еңбегі. Шумер тіліндегі заңдылықтар. Шумер грамматикасы.

Қазақ тілінің даму тарихы. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері. Орал-Алтай тіл бірлестігіне кіретін түркі-моңғол тілдерінің тарихи байланыстары, фонетикалық-грамматикалық сипаттағы зерттеулер. Тайпалық одақтардың таралу мәселесі. Түркі тілдерінің дамуында хун дәуірінің алатын орны. Хун тілдеріндегі дыбыстық, лексикалық ерекшеліктер Шумерлер мен үйсінді байланыстыратын пікірлер. Үйсіндер туралы тарихи деректер. Үйсін тілінің қазақ тіліне ұқсастығы. Үйсін тіліндегі лексикалық және фонетикалық ерекшеліктер. Қаңлы-қыпшақ тілі. Қаңлылар жайлы Ә.Қайдаровтың еңбегі. Қаңлы-қыпшақтардың тіл жағынан бірлігі туралы М.Қашқаридың пікірі. Қаңлы-қыпшақ тілдеріндегі лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер. Шумер әліпбиі мен көне түркі әліпбиінің бірлігі. Көне түркі тілі және Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Көне түркі тілінің қазақ тіліне жақындығы: лексикасы, фонетикасы, грамматикасы. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулардың танымдық мәні және семантикалық даму жолы. Орта ғасыр түркі тілі мен қыпшақ тілінің байланысы, орта ғасыр түркі тілінің өз алдына жеке халық болып қалыптасуы. Қазақтың халық тілінің қалыптасуы және оның өз ішінен бөлінетін тармақтары.

Түркі халықтарына ортақ Орта ғасыр түркі ескерткіштеріне шолу. М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Ә.Баһадүр, Қ.Жалайыр мұраларының тілді дамытудағы рөлі.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориясы. Қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы кезеңі. Қазақ әдебиетінің қалыптасуына негіз болған көне түркі жазбалары. Әдебиет дамуының кезеңдері мен халықтың жалпы тарихи даму үрдісі. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық-әдіснамалық мәні. Әдеби зерттеулердің әдіснамасы және оның әдіснамалық негіздерінің қалыптасуы. Әдіснаманың философиялық сипаты. Әдіснаманың ғылыми ізденістердегі алатын орны. Зерттеудің әдіснамалық негіздерінің жай-күйі. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы. Қазақ ғалымдарының әдебиет тарихын дәуірлеудегі теориялық көзқарастары мен әдіснамалық тәжірибесі. Әдебиет тарихын дәуірлеудің принциптері (аналитикалық принцип, гетерогендік принцип, автономдық немесе автогендік принцип). Әдебиетті дәуірлеудегі басты критерийлері. Әдеби шығармашылықтың өзіндік ерекшеліктері және оны дәуірлеу мәселесінің мәні. Әдебиеттің өзіндік көркемдік даму үдерісі.

Әдебиеттану ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы.

Әдебиеттану ғылымы, мақсат-міндеттері, салалары. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары. Өнерге жаңаша көзқарас. Әдебиеттану ғылымының зерттеу, қарастыру нысанына, мақсат-міндеттеріне орай оның эстетика, тарих, философия, тіл, мәдениеттану, т.б. ғылымдармен байланысы. Өмір болмысы, қоғамдық шындықты танудың екі жолы: ғылыми таным және көркемдік таным ерекшеліктері.

Өнердегі көркем шарттылық мәселесі. Көркем шарттылық ұғымы. Мәселенің орыс, қазақ әдебиеттану ғылымын зерттелу жайы. Көркем шарттылық туралы түсінік-ұғымдар. Көркем шарттылықтың бейнелеу тәсілі, өнер заңдылығы екендігі. Көркем шарттылықтың ауыз әдебиетіндегі көріністері. Реалистік өнер және көркем шарттылық мәселесі. Көркем шарттылық тәсілінің басқа өнер түрлерінде (сурет, мүсін, кино, театр т.б.) қолданылуы.

Әдеби процесс. Әдеби бағыт, ағымдар. Әдеби процесс — әдеби даму. Әдеби процестің, әдеби дамудың толыққандылығының көрінісі әдеби бағыттар мен адамдар қатысының молдығы екендігі. Әдеби бағыт, әдеби ағымдар жайлы пікір-таластары. Қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби бағыттар мен ағымдар, олардың арақатынасы. Зар заман ағымы т.б. Әрбір әдеби бағыттың, әдеби ағымның өзіндік бағыт-бағдары, өзіндік өмір шындығын тану, бағалау, суреттеу ұстанымдары. Абай шығармашылығы арқылы қалыптасқан әдеби бағыт, оның бағдарламасы. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық, ағартушылық ағымдар. ХХ ғасырдағы кеңестік әдебиет. Қазақ әдебиетіндегі постмодернистік өнердің кейбір көріністері. Әдеби бағыт, ағымдар проблемасының төл әдебиеттану ғылымында жеткілікті қарастырылмауы.

Көркем туындының шығармашылық тарихы. Шығармашылық процесс — жазушы лабораториясы — шығармашылық психологиясы мәселелері. Бұл мәселені қарастырудың бір өнімді жолы — көркем туындының шығармашылық жазылу тарихын зерттеу, қарастыру. Мәселенің орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарындағы жай-күйі, төл ғылымымызда кенжелеп келе жатқандығы, одан туындайтын проблемалар. Шығармашылық тарихты

зерттеудің жолдары мен әдістері. Мұндай зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі. Жазушылық еңбек құпияларын ашуға қаламгердің өмір шындығын өнер шындығына айналдыру барысында сан-салалы ізденістерін, шеберлігін тануға т.б. мүмкіндік беретіндігі. Қазақ әдебиетінде шығармашылық тарихы зерттелген туындылар (М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, т.б.) тағылымы.

Текстология — мәтінтану мәселелері. Шығармашылық тарихты зерттеудің жолдары мен әдістері екендігі, оның міндет-мақсаты. Орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарындағы текстологиялық зерттеулер жайы. Бұл саланың қазақ тіл білімі ғылымында дамуы. Орыс ғылымында текстологияның іргелі ғылыми сала (акад. Д.С.Лихачев т.б. еңбектері) екендігі, бізде кенжелеп қалғандығы. Махамбет, Абай т.б. қаламгерлер туындыларының текстологиясына қатысты пікірталастары. Мәтінтанушы мамандар даярлау қажеттілігі. Мәтіндік зерттеу, талдаулар жүргізудің ерекшелігі мен қиындықтары, ғылыми маңыздылығы.

Әдебиеттегі авторлық мәселесі. Өнердегі авторлық мәселесі. Әдебиет, өнер тарихында түрлі себептер мен кейбір туындылар авторларының аталмауы немесе басқа біреудің атымен таралуы, жариялану фактілері. Мұндай фактілердің ән саласында (нақты авторы бар туындының халық әні аталуы), әдебиетте орын алуы, оның түрлі себептері. Авторлық мәселесін анықтаудың жолдары мен әдістері. Төл әдебиет тарихында кеңестік дәуірде М.Дулатов өлеңінің Ы.Алтынсаринге, А.Байтұрсынов аудармасының Асан қайғыға телінуі осылай жарияланып, насихатталып келуі т.б.

Қазақ әдебиеті және модернистік өнер. Батыс Еуропа әдебиетінде модернистік өнер түрлерінің тууы мен қалыптасуы. Модернистік өнердің мақсат-міндеті. Негізінен реализмге, өмір-болмысты нақтылы тынытуға қарсылығы. Кеңестік әдебиет теориясы мен эстетикасында модернистік өнер түрлерінің айыпталуы, оның себептері. XX ғасыр басындағы әлем, қазақ әдебиетіндегі модернистік бағыт-ағымдар ерекшелігі. Модернистік өнер аясындағы ағым-бағыттардың композициясы құруда, сюжет дамытуда, адамның ішкі сырына бойлау және танытудағы кейбір амал-тәсілдерінің озықтығы, пайдалылығы. XX ғасырдағы және қазіргі қазақ әдебиетіндегі кейбір туындыларда модернистік ағымдарға тән суреттеу тәсілдерінің қолданылуы (экзистенциализм өнеріне тән жатсыну, жалғыздық мәселесі; сондай ақ психологиялық талдау, «сана ағымы» т.б. көріністері).

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің жайы, баспасөз ісінің қанат жаюы, ағартушы-демократтық бағыттығы ақын-жазушылардың шығармашылығы. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы шығармашылықтары. 1917-1940 ж. ж. қазақ әдебиеті, 1937 жылы қазақ зиялыларына жасалған репрессия. Ұлы отан соғысы кезіндегі қазақ әдебиеті (1941-1945), 1946-1960ж. ж. қазақ әдебиеті, Шәкәрім Құдайбердіұлының поэма жанрындағы Абай дәстүрін жалғастыруы. М. Сералыұлының шығармашылығы. 1920-1960 ж. ж. (А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Жабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов т.б.) қазақ

әдебиеті.

Лингвомәдениеттану ғылымының қалыптасу тарихы. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма. Тіл мен мәдениет сабақтастығының тілдік жүйеде зерттелуі. Тілдің бойындағы мәдени ұғымдардың анықталуы. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы туралы зерттеулер және олардың авторлары. Құрылымдық лингвистика мен антропоцентристік лингвистика айырмашылығы. Антропоцентристік лингвистикаға тән ерекшеліктер. Антропологика аясына енетін ғылым салалары. О.Сүлейменов шығармаларындағы бейнелі сөздердің лингвомәдени негіздері. Концепт және мағына. Қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы ғылым салаларының саралана дамуы. Сәрсен Аманжолов еңбектерінің лингвомәдениеттанымдық қыры. С.Қондыбай зерттеулері және тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы. Арғықазақ мифологиясындағы қазақтың төл құндылықтарының тілдегі көрінісі. Мифтік танымның тілдегі лингвомәдени сипаты. Ұлт мәдениеті мен оның жаңғыртылуы. Мәдени құндылықтардағы дүние бейнесінің танымдық ерекшеліктері. Лингвомәдени білім беруде онимдік лексиканы пайдалану әдісі. Дүниенің тілдік бейнесін зерттеудің антропоцентристік парадигмасы. Дүниенің бейнесі арқылы ұлттық құндылықты анықтаудың тәсілдері. Лингвомәдениеттану ғылымындағы дүниенің тілдік бейнесі.

Тіл мен мәдениет сабақтастығы. Заттық және рухани мәдениет лексикасы. В.Гумбольдтің «тіл рухы» туралы тұжырымдамасы. Тіл жүйесіндегі мәдени лексика. Қазіргі ғылымда кездесетін жаңа парадигма. Құрылымдық парадигма шеңберінде қарастыратын мәселелер. Киім-кешек атауларының лингвомәдени сипаты. Хлық ауыз әдебиетіндегі мәдени лексика. Ұлттық ойын атауларының лингвомәдени сипаты. Зергерлік бұйым атауларының лингвомәдени ерекшелігі. Тіл мен мәдениеттің тоғысуынан туындайтын мәдени семантиканың зерттелуі. В.Маслованың тұжырымдамалары. Ю. Степановтың тұжырымдамалары. Н.Арутюнованың тұжырымдамалары. В.Воробьевтың тұжырымдамалары. Лексикология мен лингвомәдениеттаным ілімдерінің байланысы. Зерттеудің лингвомәдениеттік және лингвистикалық базасы. Тіл мен мәдениет - ұлтымыздың бет-бейнесі. Тіл мен мәдениет сабақтастығы. Тіл мен мәдениеттің бір-бірімен байланыстылығы. Тіл-ұлттың мәдени коды және барлық азаматтың мәдениеттегі кілті. Лексикалық мағына мен концепт құрылымындағы қатынастар. "Қазақ әйелі" концептіне қатысты зергерлік бұйым атаулары. Қазақ танымындағы жол концептісінің лингвомәдени сипаты.

Лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптасуы. Лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны. Лингвомәдениеттану пәнінің негізгі ұғымдары. Лингвомәдениеттану пәнінің мақсаты мен міндеттері. Лингвомәдениеттану пәнінің метатілі. Лингвомәдениеттану пәнінің негізгі ұғымдары. Лингвомәдени бірлік. Лакуна. Этнографизмдер. Символдар. Идиомалардың ұлттық-мәдени құрылымы. Лингвомәдениеттануды қалыптастырушы мектептер. В.Телия мектебі. В.Маслова мектебі. В.Воробьев мектебі. Н.Арутюнова мектебі. «Тілдік менталитет - бұл біздің өмір сүру, ойлау және сөйлеу тәсіліміз» тұжырымдамасы. Халықтың тілі - оның рухы» деген

тұжырымды жалғастырушылар. Семиотиканың негізгі таңбалаушы компоненттері. Синтактика. Семантика. Прагматика. Прагматикалық ұғымдар.

Лингвомәдени бірліктер. «Жер ортасынан асқан кісі» деген өлшем. Қашықтыққа қатысты халықтық өлшем. Алтын мен күміс ақшалардың, бағалы заттар, дәрі-дәрмектер мен бояулардың өлшем бірлігі. А.Ысқақовтың зерттеуіндегі аралық өлшемдер. Заттық мәдениет. Рухани мәдениет. Мәдени ұғымдардың мағынасын білдіретін бірліктерді ажыратудың жолдары. Ұлттық құндылықтың ең бастысы – ана тілі. Мехнат сөзінің мағынасы. «Дауыл мінез» коннотациясының мәні. Мәдени код. Мәдени ұғымды анықтаудың тәсілдері. Н.Уәлидің мәдени кодқа қатысты еңбектері. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттануға қатысты зерттеулер. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану: ұқсастығы мен айырмашылығы. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанушылар. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанушылар. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистер. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің зерттеу нысанын қалай ажыратады.

Лингвомәдениеттану және аударма мәселесі. Тіл. Мәтін. Дискурс. Аударма және өркениет. Лингвомәдениеттану мен көркем аударма турасында. Лингвомәдени аспектідегі медиамәтіннің аудармада берілуі. Лингвомәдениеттанудағы символдардың рөлі. Ұлттық сипаттағы лингвомәдени бірліктер. Символдың лингвомәдени мазмұнын анықтаудың әдістері. Символдық мағынаның тіл бірліктері арқылы таңбалануы. Лингвомәдениеттану ғылымының зерттелу жайы. Т.Ахтановтың "Шырағың сөнбесін" романындағы лингвокультуремалар. Көркем шығармалар тіліне лингвомәдениеттанымдық талдау жүргізудің жолдары. мақал-мәтелдердің мәдени кодын ашу. Лингвомәдени аспектідегі медиамәтіннің аудармада берілуі. Лингвомәдени сөздік - құндылықтар құнын арттырмақ. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі қағидалары ретіндегі тіл мен мәдениет сабақтастығы. Аударманың лингвоәлеуметтік және мәдени мәселелер. Ұлттық дүниетанымдық құндылықтарды шет тілге аударудың лингвомәдени мәселелері. Тіл мен мәдениет – көпмәдениеттілік білім берудің негізі.

Лингвомәдениеттанулық құзыреттілік. Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі. Концепт – тілтанымдық категория. Концептінің көркем мәтіндегі көрінісі. Лингвомәдениеттанулық құзыреттілікті қалыптастыруда жарнамалық мәтіндердің рөлі. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда лингвомәдениеттанулық құзыреттіліктің рөлі. "Қазақ әйелі" концептіне қатысты киімдердің лингвомәдени сипаты. "Ақ" және "қара" концептілерінің әлеуметтік мағыналары. "Әйел" концепті мақал-мәтелдердің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама. О.Бөкеевтің "Апамның астауы" әңгімесіндегі лингвомәдениеттанулық мазмұнның көрінісі. Лингвомәдени білім беру. Қазақ және қытай тілдеріндегі туыстық атаулардың лингвомәдени бейнесі. Лингвомәдени білім беруде онимдік лексиканы пайдалану әдісі. "Көз" концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы. Концепт тіл мен таным сабақтастығына негізделген когнитивтік бағыттың негізгі бірлігі. Концептінің лингвомәдени табиғаты туралы. Паремиялық дүние бейнесінің сандық коды:

"Жалғыз" концептісі. М. Мақатаев поэзиясындағы "от" концептісі. "Өзім-өзге" концептісі. "Тағдыр" концептісінің репрезенттері. Фразеологизмдердің студенттің лингвоелтанулық құзырлығын қалыптастыру барысындағы рөлі. Орыс тілді аудиториядағы студенттердің лингвомәдени құзіреттілігін көркем шығарма негізінде қалыптастыру. Рухани мәдени құндылықтардың көркем шығармалардан көрінісі. Ұлттық мәдени құндылықтардың паремиологиялық қорда насихатталуы. Шығыстық қисса-дастандардағы лингвомәдени ерекшеліктер. Қазақ ұлттық теңеулерінің лингвомәдени сипаты. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениет танымдық мәні. Мәдениет – маманның лингвомәдени танымдық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті. Тілді лингвомәдени аспектіде оқытудың әдістемелік негіздері. Концепт мазмұнындағы дүние туралы білімдердің ұлттық сипаты.

Лингвомәдениеттану - халық мәдениетінің бір саласы. Құрт-құмырсқа атауларының лингвомәдени сипаты. Халықтың мәдени құндылығын танытушы тіл бірліктерін анықтау жолдары. Халық мәдениетін ұлттық тұрғыдан емес, жалпыхалықтық тұрғыдан талдау. Көпұлтты мемлекеттегі мәдени құндылықтардың таралу сипаты. Лингвомәдениеттанудағы салыстырудың рөлі. Қазақ тіліндегі дублеттік қатарлардың лингвомәдени белгілері. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі өмір, өлім лингвомәдени концептісі. С.Жүнісов прозасындағы концептілік жүйе. Арақашықтық өлшемдік атауларының концептілік сипаты. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Лингвомәдени сапалардың тілдік тұлға қалыптастыру деңгейі. Ұлттық мәдениеттегі "Қазақ" макроконцептісі. Бұқар жырау тіліндегі лингвомәдени бірліктер. Жиренше шешен шығармаларындағы адамгершілік концептісінің мәдени құндылығы. Фразеологизмдерді оқып білудегі лингвомәдени аспектісі. Қазақ топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени негіздер. Қазақ дүниетанымы әлемдегі "уақыт" концептісі. Поэтикалық мәтінде кездесетін "отан" концептісінің лингвомәдени сипаты. Шәкәрім бойынша рухани құндылықтардың болмысы. Шәкәрімнің тілдік тұлғасындағы лингвомәдени құзірет. Ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы Шәкәрімнің рөлі. Шәкәрім шығармаларындағы лингвомәдени бірліктер. М.Дулатовтың тәлімдік мұрасындағы мәдени құндылықтар. М.Дулатов шығармаларындағы аулы балаларының лингвомәдени сипаты.

Лингвомәдениеттанудың келешегі. Қазақ жалқы есімдерін қалыптастырудағы лингвомәдени аспект. Табиғат әлеміндегі концептілердің фразеологизмдер арқылы берілуі. Лингвомәдениеттанудың өркениетке әсері. Аударманың лингвомәдени құзыреті туралы. Білімдер жүйесін қалыптастырудағы лингвомәдени концептердің маңызы. Қазақ - ағылшын тілдеріндегі "Әйел", "Ер адам" гендерлік концептілерінің ұлттық ерекшеліктері. Қазақ және парсы кісі есімдерін салғастырудағы лингвомәдени ерекшеліктер. Лингвомәдениеттанудағы тіл мен мәдениет мәселесінің қойылымы. Лингвомәдениеттанудағы әлемнің тілдік көрінісі. Лингвомәдениет - "шетел тілі пәні мұғалімі" құзыреттілік үлгісіндегі интерактивтік концепт ретінде. Тіл мен мәдениет - өзара ажырамас құндылықтар. Қазақстандағы мәдени жаңару мәселесі. "Байтұрсынұлы тағылымы" - ұлттық мәдениет дәрістері. Қазақ

ұлттының тұтас болмысын сақтаушы А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы мәдени лексика. А.Байтұрсынұлы афоризмдеріндегі ұлттық-мәдени жаңару мазмұны. Ежелгі мәдени құндылықтардың тілдік жүйедегі көрінісі. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспектіде талдаңыз). Ұлттық мәдени құндылықтар негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Мәдени құндылықтарымызды оқыту арқылы жастарға ұлттық тәрбие берудің мүмкіндіктері. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтар. Қазақстандық қоғамның мәдени-ұлттық өзгешілігі. "Отбасы" ұғымының лингвомәдениеттанудағы мәні Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы. Ана мен бала арасындағы ұлттық тәрбиенің тілдегі көрінісі. Көркем шығамалардағы отбасы тәрбиесін бейнелейтін мәтіндердің лингвомәдени белгілері.

Бүгінгі заман мұғалімінің мәдени құндылығы. Тілді оқытудың лингвомәдениеттанымдық және лингвоелтанымдық аспектілері. Лингвомәдени күзиреттілік қалыптастырудың жолдары. Білім берудегі ұлттық мәдениетті танытудың тіл арқылы жүзеге асуы. Қазақ тілін лингвомәдени тұрғыдан оқыту. Қазақ және орыс тілдеріндегі лингвомәдениеттану бірліктерінің қазақ-орыс қостілдігін қалыптастырудағы қызметі. Құндылықтарымызды тіл арқылы таныту нәтижесінде рухымызды асқақтатудың сипаты.

Сұхбаттасу мәдениеті. Қазақ ым-ишараттарындағы лингвомәдени ерекшеліктер. Материалдық мәдени лексика. "Өмір" концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама. "Мінез-құлық" концептісінің әлемнің тілдік суретіндегі көрінісі.

Емтихан сұрақтары

«Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні бойынша:

1. Шумерлердің өркениетін танытуда археолог ғалымдардың рөлі
2. Шумер жазуының бірінші таңбаларының оқылу жайы
3. Шумер поэмаларының тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері
4. Гильгамеш тұлғасы, оның поэмада көрінуі
5. Шумер тілін алтай тілдерімен салыстыра зерттеген ғалымдар
6. Үш бағанадан тұрған жазбадағы сына жазуының үш түрі, оны оқыған ғалым
7. Шумерлердің түркі негіздес халық екендігін танытқан пікірлер
8. Шумерлік эпос пен Қорқыт жырының ұқсастығы
9. Шумерлерді түркі халықтарымен байланыстыратын аргументтер
10. Түркі тілінің, соның ішінде қазақ тілінің дамуындағы кезеңдер
11. Түркі тілдері мен шумер тілінің арақатынасы жайында С.Аманжоловтың пікірі
12. Фонетикалық жазудың түрлері
13. Қазақ тіліндегі өзгерссіз сақталған шумерлік бірліктер
14. Жазудың түрлері
15. О.Туна көрсеткен дыбыстық сәйкестіктер
16. Силлограммалық жазудың ерекшелігі
17. Шумер тілі мен түркі тілдерінің туыстығы жайлы көзқарастар
18. Әліпбилік жазу. Онымен жазылған ескерткіштер
19. О.Сүлейменовтің еңбегіндегі шумер тіліндегі сөздердің топтамасы
20. Фразограмма жазуының өз ішінен бөлінісі
21. Түркі тілдер дамуындағы орта түркі дәуірі
22. Логографиялық жазу жүйесінің ерекшелігі. Бұған жататын жазулар
23. Түркі тілдер дамуындағы ғұн дәуірі
24. Түркі тілдерінің дамуындағы Алтай дәуірі
25. Фонографиялық жазу. Оған жататын жазу түрлері
26. Шумерлік әліпби мен көнетүркі әліпбиінің ұқсастығы
27. Әліпбилік жазу. Онымен жазылған ескерткіштер
28. Қазақтың ру таңбалары мен руникалық әліпбидің жақындығы туралы пікірлер
29. Көнетүркі тіліндегі шумерлік сөздердің даму жолдары
30. Шумер поэмаларының сюжеттері
31. Шумер тіліндегі заңдылықтардың көне түркі тіліндегі сақталуы
32. Шумер жазуының таралу аймағы
33. Орта ғасыр жазба мұралар тіліндегі лексика
34. Тарихи атаулардың этимологиясы
35. Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі үндестік заңы
36. Көне түркі ескерткіштеріндегі түркілерге ортақ заңдылықтар

37. Ә.Қайдаровтың «Қаңлы» еңбегіндегі тілдің тарихына қатысты көзқарастар
38. М.Белицкийдің «Шумерлердің ұмытылған әлем» еңбегінің мәні
39. Қазақстандағы жер-су атауларының тарихи мәні
40. Түркі тілдер тарихына шумерлердің қатысы
41. Қыпшақ тілінің ерекшеліктері
42. Орта ғасыр жазба мұраларының тілін зерттеген ғалымдар
43. А.Йассауи еңбегінің тілдік ерекшеліктері
44. Орта ғасыр жазба мұралар тіліндегі етістік категориялары
45. Көне түркі тіліндегі есім сөз таптарының жасалу жолдары
46. Шумерлер өркениетін алғаш танытқан ғалымдар
47. Алтайдағы түркі топонимиканың лексика-семантикалық құрылымы
48. Сақтар жазуы және оның түрлері
49. Қазақ халқын құрасқан тайпалық одақтар және олардың тілі
50. Орал – Алтай тілдеріне тән ерекшеліктер

«Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні бойынша:

1. Қазақ әдебиетін дәуірлеудің негізгі принциптері мен жолдары
2. Әдебиетті дәуірлеудегі басты критерийлері
3. Әдеби шығармашылықтың өзіндік ерекшеліктері және оны дәуірлеу мәселесінің мәні
4. Әдебиеттің өзіндік көркемдік даму үдерісі
5. Әдебиет – халық тарихының көркем бейнелі шежіресі
6. Әдеби зерттеулердің әдіснамасы және оның әдіснамалық негіздерінің қалыптасуы
7. Әдіснаманың философиялық сипаты
8. Әдіснаманың ғылыми ізденістердегі алатын орны
9. Зерттеудің әдіснамалық негіздерінің жай-күйі
10. Әдебиет тарихын дәуірлеудегі әдеби мектептер
11. М.Әуезовтің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі концепциялары
12. Қазіргі отандық әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістері
13. С.Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі ұстанымдары
14. Қазіргі тарихи дәуірлеудің әр түрлі ұстанымдары
15. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ғылымы мен мәдениетіндегі орны
16. «Әдебиет танытқыш» еңбегінің қазақ ғалымдарының зерттеулеріндегі көрінісі
17. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі – қазақ әдебиеті тарихындағы алғашқы теориялық еңбек
18. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің әдеби қоғамдық маңызы
19. XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихындағы жаңа кезең сипаты
20. Абай заманынан бастау алатын жазба әдебиеті жылдары жазылған шығармалар
21. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің үлгілері (Р.Мәрсеков)

22. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу үлгілері (А.Байтұрсынов)
23. Әдеби мектептердің туып, қалыптасуы
24. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу
25. Б. Кенжебаевтың ғылыми ұстанымдары
26. Профессор Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетін дәуірлеудегі еңбегі және оның ғылыми мектебі
27. Қазақтың ХІХ ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалистік әдебиеті
28. Ағартушылық бағыттағы әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің ұлт-азаматтық идеяларға ұласуы
29. «Зар заман» ақындары
30. ХІХ ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдері
31. Қазақ ғалымдарының қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектері
32. Кеңес дәуіріндегі тарихи дәуірлеудің қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі
33. Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті
34. V-XV ғасырлардағы әдебиет
35. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет
36. Қазақ хандығы (XV-XV ғасыр) дәуіріндегі әдебиет
37. Алғашқы жазба әдебиет нұсқалары
38. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті зерттеуші ғалымдар
39. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің өзіндік сипаты, басқа кезең әдебиетінен өзгешелігі
40. Алтын Орда дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшелігі
41. 1900-1920 жылдардағы әдебиет және оның ерекшелігі
42. Кеңес дәуіріндегі тарихи дәуірлеудің қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі
43. ХХ ғасыр басындағы діни-ағартушылық әдебиет өкілдері мен олардың шығармашылығы
44. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзияның негізгі тақырыптары мен идеясы
45. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жырлаған поэзия өкілдері
46. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарындағы қазақ әдебиеті
47. Кеңес дәуірі: Ұлы Отан соғысы және тың көтеру жылдарындағы әдебиетке шолу
48. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің ерекшеліктері
49. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріне жаңаша көзқарас
50. Н.Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» еңбегінің мәні мен

«Лингвомәдениеттаным» пәні бойынша:

1. Лингвомәдениеттану ғылымының қалыптасу тарихы
2. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма.
3. Тіл мен мәдениет сабақтастығы.
4. Заттық және рухани мәдениет лексикасы
5. Тіл мен мәдениеттің тоғысуынан туындайтын мәдени семантиканың зерттелуі

6. Лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптасуы
Лингвомәдениеттану пәнінің негізгі ұғымдары
7. Лингвомәдениеттануды қалыптастырушы мектептер
8. Семиотиканың негізгі таңбалаушы компоненттері
9. Лингвомәдени бірліктер
10. Лингвомәдениеттану пәнінің мақсаты мен міндеттері
11. Мәдени код
12. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттану: ұқсастығы мен айырмашылығы
13. Лингвомәдениеттану және аударма мәселесі
14. Лингвомәдениеттанудағы символдардың рөлі
15. Лингвомәдениеттанулық құзыреттілік
16. Лингвомәдени білім беру .
17. Шығыстық қисса-дастандардағы лингвомәдени ерекшеліктер
18. Мәдениет - маманның лингвомәдени танымдық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті.
19. Лингвомәдениеттанудағы салыстырудың рөлі
20. Лингвомәдениеттану - халық мәдениетінің бір саласы
21. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі
22. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі қағидалары ретіндегі тіл мен мәдениет сабақтастығы.
23. Фразеологизмдерді оқып білудегі лингвомәдени аспектісі
24. Лингвомәдениеттанудың өркениетке әсері
25. Қазақ және парсы кісі есімдерін салғастырудағы лингвомәдени ерекшеліктер
26. Лингвомәдениеттанудағы әлемнің тілдік көрінісі
27. Лингвомәдениет - "шетел тілі пәні мұғалімі" құзыреттілік үлгісіндегі интерактивтік концепт ретінде
28. Тіл мен мәдениет - өзара ажырамас құндылықтар
29. Тіл мен мәдениет - көпмәдениеттілік білім берудің негізі
30. Тіл-ұлттың мәдени коды және барлық азаматтың мәдениеттегі кілті
31. Тіл біліміндегі антропоцентристік көзқарас және оның бағыттары
32. С.Қондыбай зерттеулері және тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы
33. Мәдени құндылықтардағы дүние бейнесінің танымдық ерекшеліктері
34. Қазақстандағы мәдени жаңару мәселесі. "Байтұрсынұлы тағылымы" - ұлттық мәдениет дәрістері
35. Ежелгі мәдени құндылықтардың тілдік жүйедегі көрінісі
36. Рухани-мәдени құндылықтарды тіл білімінде зерттеудің алатын орны
37. Қазақстандық қоғамның мәдени-ұлттық өзгешілігі
38. Бүгінгі заман мұғалімінің мәдени құндылығы
39. Шәкәрім бойынша рухани құндылықтардың болмысы
40. Мәдениет құндылықтарын қалыптастырудың лингвистикалық негізі
41. Құндылықтарымызды тіл арқылы таныту нәтижесінде рухымызды асқақтатудың сипаты

42. М. Дулатовтың тәлімдік мұрасындағы мәдени құндылықтар
43. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда лингвомәдениеттанулық құзыреттіліктің рөлі
44. Қазақ тіліндегі мәдени лексиканың тарихи дамуы мен қалыптасуы
45. "Көз" концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы

Ұсынылатын әдебиеттер:

Қазақ тілі бойынша:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қосымова Г. Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. – А., 2011.
2. Аманжолов С. Диалектология мәселелері мен қазақ тілінің тарихы. – Алматы, 2005. – 450.
3. Белицкий М. Забытый мир шумеров. – М., 1980.
4. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы, 2004. – 610.
5. Рамстетд В. Введение в алтайской языкознания. – М., 1987.
1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. – А., 2007.
2. Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. – А., -2018.
3. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. – А., 1997.
4. Ахметжанова З. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос. – А., 2016.
5. Дербишева З.К. Язык и этнос. – М., 2017.
6. Әлметова Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. – А., 2016.
7. Исаева Г. Киіз уй атауларының этномәдени аспектісі. – А., 2016.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996. – 127.
2. Аристов Н.Я. Заметки об этническом составе тюркских племен и наордностей и сведения об их численности //СПб., 1987.
3. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001. – 244.
4. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба- нышандық жүйе. – А., 2014.
5. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. – А., 2010.
6. Бахти А. Шумеры. Скифы. Казахи. – Алматы, 2004. – 215.
7. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы, 1994. – 477.
8. Зув Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А., 2002. – 250.
9. Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы, 2007. – 270.
10. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркских письменности и этнокультурной историй. СПб, 2006
11. М. Қашқари Түркі сөздігі I, II, III том. – А., 1995-97 жж.
12. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Құманша–қазақша жиілік сөздік. – А., 1978.
13. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1998. – 135.

14. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. – Алматы, 2006.
15. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. – Астана, 2002. – 125.
16. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана, 2007. – 301.
17. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы, 2004. – 550.
18. Сүлейменов О. Азия. – Москва, 2005. – 270.
19. Тенишев Э.Р. Древнетюркская эпиграфика Алтая// Тюркологический сборник. – М., 1966. – С.262-265.
20. Тугушева Л.Ю. Раннесредневековый тюркский литературный язык. СПб, 2002.
21. Щербак А.М. Тюркская руника. СПб, 2001.
22. Верацагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1976.
23. Ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. – М., 1989.
24. Алефиренко Н.Ф. Современные проблемы науки и языке. – М., 2005.
25. Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: - Воронеж. 2001.
26. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің жаңа бағыттары // Мемлекеттік тіл: білім және саясат. - Орал, 2006.
27. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – А., 2006.
28. Шмелев А.Д. Референциальные значения. – М., 1991.

Қазақ әдебиеті бойынша:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том. – Алматы, 2008
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. II том. – Алматы, 2009
3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. И. Нұрахмет. Б. Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын тану туралы// Көкейкесті әдебиеттану. 5 кітап (Профессор Б. Кенжебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы: методология және теория» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Астана, 2005.
5. Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – Б. 170.
6. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Ғылым, 1961. – 374.
7. А. Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.; Ежелгі әдебиет. – Астана: Ел орда, 2001. – 224.
8. И. Нұрахмет. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2005.
9. А. Жұмағұлов. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертация авторефераты. – Астана, 2007.

Қосымша әдебиеттер:

1. Кеңбейшіл, М. Замандастар заңғары: Әдеби-танымдық, сыни, зерттеу еңбектер. – Алматы: Арыс, 2007.
2. Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу: әдебиеттік, зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Балауса, 2010.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005.
4. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998.
5. Мәдібаева Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2001.
6. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. – Алматы, 2003.
7. Кәкішов. Т. Жанр жайлауы. – Алматы, Қазақ әдебиеті, 2007.
8. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы, 2003.
9. Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008.
10. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазбасы. – Алматы, 2008.
11. Әуезов және әлем әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
12. Гачев. Г. Национальное образы мира. – М., 2002.
13. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарама: таным және көркемдік. – Астана: Фолиант, 2009.
14. Дәдебаев Ж. Әдеби шығарма: өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
15. Жұртбай Т. Кемеңгерлік кітапханасы. – Астана: Фолиант, 2010.